



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады • www.sarkan-gazeta.kz • e-mail: Igiman01@mail.ru • №40 (9489) 14 қазан 2022 ж.

ВЫБОРЫ -2022

Ғстазым, саған мың алғыс

Осындай атау аясында аудандық мәдениет үйінде мұғалімдер күніне орай салтанатты жиын өтті. Мерекелік басқосу өз шымылдығын еліміздің оқушыларының жоғары білімін әспеттейтін, ұстаз еңбегін ұлықтайтын театрландырылған көрініспен түрді.

Шараның негізгі бөлігінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев ауданның білім саласында еңбек ететін бір мыңнан астам ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.



Жалпы мемлекет тарапынан ауданның білім саласына соңғы жылдары көп көңіл бөлінуде. Бірқатар ауылдардағы білім ошақтары жаңадан салынса, енді бірқатар оқу ордалары күрделі жөндеуден өтуде. Материалдық-техникалық базасы нығайған оқу-ағарту орындары еліміздің ертеңі – шәкірттерге лайықты білім беруде. Бұл бағыттағы жұмыстар

өз жалғасын таба беретіндігін жеткізген Ғалымжан Қанатұлы: - «Ауданның білім беру жүйесін дамытуға, туған жердің шынайы патриоттарын тәрбиелеуге және жалпы еңбек қоғамын құруға қосқан лайықты үлестеріңіз үшін, Сіздерге өз алғысымды білдіремін! Балаларға берген жылулық пен тәрбиелеріңіз қашанда алдарыңыздан сәттілік

пен алғыс ретінде шыға берсін.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ - береке, ұстаздық жолында шығармашылық табыстар мен жетістіктер тілеймін!», - деп мерекелік сөзін түйіндеді.

Жиын аясында аудан басшысы өңірдің білім саласының дамуына қосқан зор үлесі және жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие берудегі табыстары үшін бірқатар мұғалімдерді марапаттап, өріптестері алдында абыройларын асқақтатты. Жетісу облысы әкімінің және облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасын, Сарқан ауданы әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын, бағалы сыйлықтарын алған ұстаздардың өріптестері алдында жүздері жарқын болды. Сондай-ақ мұғалімдерді аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Ж.Мұқашев, ардагер ұстаз К.Қалиева құттықтап, ақ тілектерін ақтарды. Ұрпақтар сабақтастығы қашанда жарасымды. Шара барысында мұғалім атанған жас мамандар сахна төрінде салтанатты түрде ант беріп, ардагер ұстаздарға сый-сияпат көрсетті. Аудандық мәдениет үйінің, бірқатар білім ошақтарының өнерпаздарының күшімен қойылған мерекелік концерт шара ажарын одан әрі айшықтай түсті.

Өз тілшіміз.

ПОЛИТИЧЕСКИЕ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ОБЪЕДИНИЛИСЬ В НАРОДНУЮ КОАЛИЦИЮ В ПОДДЕРЖКУ КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА

6 октября 2022 года в столице нашей Родины Астане прошел внеочередной XXIV Съезд партии «АМАНАТ». Всего на внеочередном XXIV Съезде партии участвовало 700 делегатов, представленных от областных филиалов партии, городов Астана, Алматы и Шымкент.



В соответствии с требованиями действующего законодательства о политических партиях и Устава «АМАНАТ» на Съезд избраны представители от всех филиалов, объединяющих более 780 тыс. членов партии. В составе делегатов Съезда присутствовали представители различных сфер деятельности: образования и здравоохранения, культуры и спорта, промышленности и сельского хозяйства, малого и среднего бизнеса, средств массовой информации и неправительственного сектора, депутаты Парламента Республики Казахстан и 328 депутатов маслихатов всех уровней, 108 председателей первичных партийных организаций. Более 27% делегатов составляли женщины, молодежь в возрасте до 35 лет – 20%. В работе съезда участвовали представители 16 национальностей.

(Окончание на 2-стр.)

БАСПАСӨЗ - 2023

Ауданның қоғамдық-саяси "Сарқан" газетіне келесі жылға жазылу науқаны басталды.

ЖЕКЕ ЖАЗЫЛУШЫЛАР ҮШІН ИНДЕКСІ 65202, ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ - 3021,72 ТЕҢГЕ.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН ИНДЕКСІ 35202, ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ - 2225,08 ТЕҢГЕ.

МЕКЕМЕ-ҰЙЫМДАР ҮШІН ИНДЕКСІ 15202, ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ - 3381,04 ТЕҢГЕ.

Газетке Қазпошта бөлімшесінде, "Сарқан" газеті редакциясында жазылуға болады.

САРҚАН

Ауыл көркі - азаматынан

«Алланың үйі» деген атауды алған, ислам дінінің ең үлкен құндылықтарының бірі - Мешіт. Сөздік тұрғысында арабтың «масжид» сөзінен шыққан, «сәждеге бас қоятын орын» деген мағынаға ие. Мешіт - құлшылық жасайтын, ислам дінін ұстанушылардың қасиетті орны. Әр мұсылманның жүрегі тыныштық тауып, Алламен жақындастыратын, дұға-тілектердің қабыл болатын, рухани жан тыныштығын сыйлайтын жер. Мешіт тек құлшылық жасайтын ғана орын емес, білімнің, мәдениет пен тәрбиенің орны. Мешіт - қасиетті орын, ол жерде адамдар намаз оқып, құран оқып-үйреніп, тіпті алғаш мектеп болмаған сәтте, адамдар сауатын сол мешітте ашып, әріп-сан танып, құран оқуды үйреніп, астрономия, физика, құқық, математика, жаратылыс ғылымдарын оқытылған. Қазақ даласында да алғаш ислам діні кіріп, таралып жатқанда, орныққан сәттен бастап, «ауыл молдасынан, ауыл медресінен сауат аштым» деген сөздерді жиі еститінбіз. Қазір оқу-білімнің жеке орталықтары бар, не десек те мешіт адамды білімге құштарлыққа, жүрек иманын арттыруға себепкер.

Діни уағыздарға қарағанда ең алғашқы мешіт VII ғасырдың 1-ширегінде Медина қаласындағы Құбыла деген елді-мекенде салынған. Алғашқы мұсылмандар бұл ғимаратқа намаз оқуға, діни өсиеттер тыңдауға, қоғамдағы мәселелерді талқылап, шешу үшін жиналатын болған. Мешіт - ислам дінінің мәдениетін, ғылым-білімін осылайша дамытып отырды. Мұсылмандар мешіт жоқ жерден мешіт салдырып, Алла сүйген ісі болғасын сауап ретінде, әрі жамағат санын ұлғайту үшін тырысқан.

(Жалғасы 2-бетте).



Сайлау - 2022

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Сарқан» газетінің (бұдан ары қарай Газет) меншік иесі – «Сарқан газеті» ЖШС 2022 жылдың 20 қарашасы күні өтетін Қазақстан Республикасы Президентін сайлау қарсаңында үгіт материалдарын орналастырудың шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы хабарландырады.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері: ҚҚС-ты қоса алғанда журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері - 250 теңге, газеттің интернет ресурсындағы (сайт) әрбір сөзіне – 30 теңге.

Төлем газет берген есепшот негізінде мұндай есепшот берілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

Ауыл көркі - азаматынан

(Жалғасы. Басы 1-бетте).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде кім Алла үшін мешіт салдырса, Алла Тағала оған тура сондай етіп, жәннатқа бір үй тұрғызады» деген. Мешіт салдыру, салу жүрегінде Алла есімі жазылып, иманы берік жомарт жан, жандар ісі. Қазақ даласында да ең көне мешіт болып 893 жылы Тараз қаласында тұрғызылған болатын. Қазіргі кезде Қазақстан бойынша 2700 - ден астам мешіт бар.

Қазақстан мешіттерінің қатарына ауданымызда тағы бір, Қарауылтөбе ауылында жаңа мешіт бой көтерді. Мешіттің ашылу салтанатына ауданымыздың бас имамы Серікбек Асқарұлы және Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы Мұқанов Серік Мейірханұлы қатысты. Ғимараттың салынуына ауылдан шыққан кәсіпкерлер мен ауыл тұрғындары мұрындық болды. Өз кіндік кесіп, туып-өскен жеріне жанашырлық танытып, мешіт салынуын қолға алып басында жүрген, игі іске бастамашы болған Байқоңыров Тасболат Абдрахманұлы мен архитектуралық құрылысын жасаған Қырықбаев Айдар Бимурзаұлына алғысымызды білдіреміз. Қарауылтөбе ауылы ауызбіршілікке ұйыған, қазыналы қарты, жалынды жасы бар, өздері қалыптастырған жақсы іске жұрт болып жұмыла кетуді сабақтасқан салтқа айналдырған ауыл. Бір жұдырықтай бірігіп 4 айда мешіт құрылысы аяқталып, ендігі киелі Қарауылтөбе топырағында күмбезі көкпен жалғасқан жаңа Алланың үйі бар. Мешіттің ашылуы салтанатты түрде өтті, ауылдың беделі бір көтеріліп, ауыл қарияларымыз бір марқайып қалды. Салтанатты іс-шарада танымал әншілер өнер көрсетіп, ұлттық спорт түрлерінен түрлі сайыстар өтті.

«Ауыл түбі - бірлік, қауым түбі - тірлік», - деп халқымыз айтып кеткендей кішігірім ауыл бірлігі жарасып, бірлікте өмір сүріп жатыр. Ауылды көркейтпін кішігірім болса үлесін қосатын азаматтар көп болғай, ауыл- тағылымы тәлім-тәрбиенің ордасы. Қазақы қасиеттер ауылдан бастау алады. Міне, сондықтан да ауыл қамқорлықтан, көмектен кенде қалмауы керек. Қолдан келсе ауылды көркейтпін гүлдендірейік.

Қарауылтөбе ауылының тұрғындары.**ПОЛИТИЧЕСКИЕ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ОБЪЕДИНИЛИСЬ В НАРОДНУЮ КОАЛИЦИЮ В ПОДДЕРЖКУ КАСЫМ-ЖОМАРТА ТОКАЕВА**

(Окончание. Начало на 1-ой стр.)

На съезде партии AMANAT были рассмотрены вопросы выдвижения кандидата от партии на президентские выборы, а также анализ и утверждение новой политической платформы Партии. Члены партии единогласно поддержали кандидатуру Касым-Жомарта Токаева. Как делегат съезда и как гражданин нашей страны, я поддерживаю кандидатуру нашего президента, выдвинутую на пост кандидата в президенты. Желаю, чтобы Новый Казахстан жил благополучной жизнью с открытым обществом, защищенной волей и правами! Надеюсь, что вместе с партией мы будем работать над честной реализацией направлений новой платформы, опирающейся на понятия человека, равного общества и государства для народа!

Главные принципы новой политической платформы: интересы человека, общества и государства, принцип социальной справедливости. Платформа составлена с учетом запросов населения, написана в достаточно понятной и простой форме, чтобы любой человек мог её прочесть и понять ее основные задачи. Стоит отметить, что при разработке платформы, каждому партийцу была предоставлена возможность озвучить свое мнение касательно проекта политической платформы через социологический опрос.

В этот же день состоялся форум Народной Коалиции в поддержку Касым-Жомарта Токаева. В форуме приняло участие более двух тысяч представителей политических партий «AMANAT», «Ақ жол», Народной партии Казахстана и более 30 республиканских общественных объединений.

Председатель партии ««AMANAT» Ерлан Кошанов подчеркнул, что в ходе начавшейся избирательной кампании сразу несколько республиканских общественных объединений приняли решение выдвинуть действующего Главу государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева кандидатом в Президенты Республики Казахстан.

«Такое единодушие различных политических и общественных сил демонстрирует абсолютно новый уровень консолидации нашего общества. Исходя из этого, после ряда консультаций между политическими партиями и общественными объединениями, нами было принято решение создать Народную Коалицию в поддержку Касым-Жомарта Токаева, - сообщил Ерлан Кошанов.



Заслуженный лётчик-испытатель, генерал-майор ВВС Казахстана, Халык Қаһарманы Токтар Аубакиров заявил, что поддерживает кандидатуру Касым-Жомарта Токаева, поскольку считает его сильным политиком, умелым дипломатом. «Именно такая личность нужна нам в сложной международной геополитической ситуации. Его опыт признан на международном уровне. Я всецело поддерживаю реформы, проводимые по инициативе Президента», - сказал Токтар Аубакиров.

В своем выступлении депутат Мажилыса от партии «Ақжол», член правления Союза писателей Казахстана Казбек Иса отметил, что Касым-Жомартом Токаевым инициированы исторические реформы. «От каждого из нас зависит, как эти реформы будут реализованы. Несмотря на то, что мы являемся представителями различных политических организаций, нас объединяет стремление к построению процветающего государства. Сейчас самое главное – сохранение стабильности под руководством сильного лидера. Поэтому мы, акжоловцы, единогласно считаем Касым-Жомарта Токаева наиболее достойным кандидатом в Президенты Казахстана!», - сказал Казбек Иса.

Депутат Мажилыса от Народной партии Казахстана, член попечительского совета Общественного социального фонда

«Қазақстан халқына» Ирина Смирнова подчеркнула, что в центре внимания всех реформ Президента – человек, его благополучие, повышение качества жизни!

«Мы верим, что в лице Касым-Жомарта Токаева народ Казахстана обрел народного президента! Сегодня на Съезде НПК единогласно выдвинула Касым-Жомарта Токаева кандидатом на президентские выборы и решила вступить в Народную Коалицию», - заявила Ирина Смирнова.

Выступая на форуме, общественный деятель, профессиональный боец смешанных единоборств Ардак Назаров акцентировал на необходимости воспитания подрастающего поколения, опираясь на духовное богатство и национальные ценности нашего народа.

Журналист, депутат Алматинского городского маслихата Сергей Пономарев считает, что оперативное и эффективное реагирование на запросы граждан, открытость в обсуждении и принятии решений, стали новой формой взаимодействия между властью и обществом, выстроеной действующим Президентом. «Глава государства в течение трех лет своего президентства не раз доказывал свою сопричастность с народом, в сложные времена оставаясь с нами, оказывая всемерную поддержку. Достоинее кандидата я не вижу», - убежден Сергей Пономарев.

По словам директора бизнес-школы при университете КАЗГЮУ имени М.С. Нарикбаева Алины Абдрахмановой, Казахстан имеет все шансы стать страной инноваций.

«Уже сейчас у нас открываются региональные офисы таких компаний, как tik-tok и binance. Опыт казахстанских компаний изучают в ведущих бизнес-школах мира. Это прямое доказательство того, что главным богатством Казахстана являются не природные ресурсы, а человеческий капитал. Молодежь возлагает большие надежды на Касым-Жомарта Токаева и верит в успешную реализацию начатых им реформ», - отметила Алина Абдрахманова.

Касым-Жомарт Токаев поблагодарил участников мероприятия за поддержку и оказанное доверие. В завершении Форума Касым-Жомарт Токаев принял предложение Народной Коалиции и дал согласие на выдвижение Кандидатом на пост Президента РК.

Я горжусь тем, что приняла участие в таких важных исторических событиях в качестве члена делегации от области Жетісу.

Оксана РАКИТЯНСКАЯ, депутат Саркандского районного маслихата, член партии «AMANAT».

Мемлекеттің – ұлттық коды

Қандай мемлекет болмасын, ондағы мемлекеттік тілдің өмір сүріп, қызмет етуінің негізгі шарттарының бірі – тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыр тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Әрине, дамыған елдердің тәжірибесін ескеру қажет. Өйткені тарихи себептермен біздің біршама кенжелегеніміз рас. Десе де озық тәжірибені ендіру барысында белгілі бір сүзгіден өткізбей тұтастай қабылдаудың салдарын жете түсінген жөн. Бұл тұрғыда кез келген саладағы жас мамандар тарихи алтын әріптермен жазылған ұлы дала ұрпағы екенін ұмытпағаны дұрыс.

Рухани қайта түлеу ана тілсіз мүмкін емес. Өйткені тіл, ұлттық бар құндылығын тасымалдаушы құрал. Бұл мәселенің әлі де күрмеуі шешілмей келе жатқанына бір кінәлі адам болса, ол да – сіз бен біз. Дәлірек айтқанда біздің немқұрайлылығымыз. Ұлттық деңгейдегі маңызды мәселеге атүсті қарауымыз.

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз мемлекетіміздің басты ұлттық коды екеніне тағы назар аударғым келеді. Мұнсыз тәуелсіздікті тұғырлы ете алмаймыз. Сол себепті саяси сілкінетін, әлеуметтік әлеуетті әрекет ететін, құқықтық санамызды қамшылайтын кез өзімізге де келді.

А.КУЛЬЖИГИТОВА,

аудандық соттың бас маман – сот отырысының хатшысы.

Кампания прикрепления к медицинским организациям - 2022



Как известно, с 15-го сентября текущего года стартовала ежегодная кампания прикрепления, и каждый гражданин в рамках этой кампании может прикрепиться к поликлинике. Прикрепление осуществляется в течение двух месяцев, следовательно до 15 ноября.

Прикрепившись к организации первичной медико-санитарной помощи в период

кампании, граждане начнут получать медицинскую помощь в ней с 1 января 2023 года. При этом медорганизация должна будет заключить договор с Фондом социального медицинского страхования на оказание услуг в рамках гарантированного объема бесплатной медицинской помощи и в системе обязательного социального медицинского страхования на предстоящий год. Фонд заинтересован в абсолютной достоверности баз данных, ведь за каждого прикрепленного жителя ежемесячно медорганизациям оплачивается подушевое финансирование. Отмечаем, что кампания по прикреплению проводится только среди медицинских организаций, зарегистрированных в Базе данных субъектов здравоохранения и претендующих на оказание медицинских услуг по ГОБМП и ОСМС. Ознакомьтесь со списком доступных для прикрепления поликлиник можно на сайте Фонда www.fms.kz в разделе «Выбрать поликлинику».

До 31 декабря этого года граждане продолжают обслуживаться в поликлинике, к которой прикреплялись ранее. «Независимо от статуса застрахованности все граждане имеют право на гарантированный объем бесплатной медпомощи. Однако, для плановой госпитализации, приема узкими специалистами, прохождения дорогостоящих обследований и получения высокотехнологичного лечения необходимо быть застрахованным в системе ОСМС. На сегодняшний день более 456 тыс. граждан нашей области являются незастрахованными в системе ОСМС. В этой связи, призываем каждого жителя области проверить свой статус страхования», - сказал Директор филиала Фонда социального медицинского страхования по Алматинской области Нурлан Отаргалиев.

Филиал Фонда социального медицинского страхования по Алматинской области.

В чем разница: получение ИИН и гражданства?

Нам часто задают вопрос, в чем разница между получением ИИН и гражданства. Индивидуальный идентификационный номер представляет собой уникальную комбинацию из 12 цифр, который присваивается гражданам РК при рождении.

Иностранцы могут обратиться для получения ИИН в ЦОН. При этом ИИН может получить гражданин любого иностранного государства для ведения предпринимательской деятельности, финансовых операций. ИИН – это инструмент, совсем не говорящий о гражданстве. Гражданство РК могут получить лица, постоянно проживающие на территории РК не менее 5 лет, состоящие в браке с гражданином РК, проживающим в стране не менее трех лет, а также лица, имеющие одного из близких родственников, граждан РК, который проживает на территории Казахстана. К слову, в упрощенном порядке гражданство могут получить кандасы, постоянно проживающие на территории Казахстана, этнические казахи, обучающиеся в высших учебных заведениях Казахстана и реабилитированные жертвы массовых политических репрессий, а также их потомки, лишённые или утратившие гражданство без их свободного волеизъявления, постоянно проживающие на территории страны.

Э. РЫСПАЕВА,

главный специалист Сарканского районного ЦОН.

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Өрт – «тілсіз жау». Сондықтан ондай жаумен күресу үшін төрт қаруың түгел, сақадай сай болуың қажет. Ал бүгінгі таңда автокөліктерде өрт қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздік ережелері сақталмай отыр. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншікті, ұлттық байлық пен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік қызметтің ажырамас бөлігі. Көбінесе тілсіз жаудың шығуы, автокөліктің электрсымдарының шағылысуынан пайда болады. Өзге санақ бойынша көлік ішінде шылым шегу соңғы орынды иеленбейді.



Құрметті автокөлік иелері: -Автокөліктеріңізді дер кезінде техникалық байқаудан өткізгеніңіз дұрыс; -Үнемі оның дұрыс екенін қадағалаңыз, әсіресе электрсымдарға баса назар аударыңыз; -Өзіңізбен бірге әрқашанда өрт сөндіргіш құрал болсын, оны қолжетімді жерде ұстаңыз; -Практика көрсеткіші бойынша өрт сөндіру кезінде автокөлігіңізге көмір қышқылды өрт сөндіргіш пайдаланған тиімді.

Егер сіздің автокөлігіңізде өрт пайда болған жағдайда: -сол заматта көлікті тоқтатып, өрт сөндіргіш құралын алып, капотқа жақындатып шашыңыз; -Практика жүзінде 90% «тілсіз жау» электр тізбектердің бұзылуынан болады. -Егер өрт сөндіргіш құралыңыз тиімді болмаса, әрі қарай құм мен топырақты пайдаланыңыз. -Жанып жатқан кезде мүмкіндігінше есік пен терезені ашық қалдырмаңыз. Көліктің есігін мықтап жаппасаныз, өрт шарықтап кетуі мүмкін. -Жанармай төгілген жағдайда, лапылдап жанып кетпес үшін оны су мен көбік немесе топырақ сеуіп тастау керек.

-Егер көлігіңізден өрт шықса, аккумулятордың клемасын ажыратып тастаңыз.

Өрт шыққан жағдайда дереу 101, 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары, ТЖБ қызметкерлері ескертеді! Көлік құралдарындағы техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар. Қандай да бір төтенше жағдай орын алса «101» немесе «112» телефон нөміріне хабарласыңыздар.

ЕГІН ЖИНАУ КЕЗІНДЕГІ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Астық жинау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңыздылықты иеленеді. От қысқа уақытта астық қорын жоюы мүмкін. Астық жинау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін білу және қатаң орындау өрттің алдын-алудың маңызды шарты болып табылады.

Дәнді дақылдарды жинау және азық дайындау кезінде өрт қауіпсіздігі қағидалары тәртібі қарастырылған. Онда ауыл шаруашылығы өндірушілері сақтауға тиіс ережелер мен іс-шаралар сипатталған.

Егін жинау кезінде және ол аяқталғаннан кейін, өрттің пайда болуының негізгі себептері:

- Отты абайсыз қолдану;
- Фермерлердің сабанды рұқсатсыз жағуы;
- Қолданыстағы техниканың электр қауаулығы;
- Ұшқын сөндіргіштердің жоқтығы;
- Механизаторлардың қозғалтқыштар

Менингит — тұмаудан толық жазылмаған жағдайда, тазалық сақталмаған жерде, көп адам жүретін жерде, кейде денеге түскен жарақаттан, құрт ауруынан және іш сүзегінен пайда болады. Көбіне суықтан пайда болатын ауру ми мен жұлынның жұмсақ қабықтарының қабынуынан туындайды. Сонымен қатар менингит бактериясы жөтелу кезінде ауа арқылы жұқпалы түрге алмасады. Мұрынға түскен бактерия жұлынға жетіп, қан айналымына еніп, қоздырғыштарды күшейтеді. Менингиттің жұқпалы түріне шалдыққан адамнан ауру жан жаққа тез таралады. Сонымен қатар менингит адамның жүйке жүйесінде қатты әсер етіп, нәтижесінде бұл ауруға шалдыққандардың 20% өз өмірімен қоштасады.

Ауру екі түрге бөлінеді. Жедел және созылмалы болатын бұл аурудың ең күрделісі мида іріңді түрде болатын менингиальдық синдромы. Менингит — құрт ауруының түрі — науқастан әл кетіп, шаршап, тез терлеп, дене қызуы көтеріліп ұзақ уақыт жүреді. Бас сүйек ішіндегі қан қысымы ұлғайғанда барып анықталады. Аурудың алғашқы белгілері — ауру жұққаннан кейін 10-12 күннен соң ағзада бас ауру, лоқсу, ауыз құрғақ,

радиаторларындағы шаңды күйдіру үшін дала жағдайында ашық от қолдану және сөндірілмеген темекі қалдығы болып табылады.

Далалық жұмыстарды жүргізу кезінде қойылатын негізгі өрт қауіпсіздігі талаптары:

1. Барлық дала жұмыстарына қатысатын тұлғалар өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау туралы нұсқаулықпен танысуы тиіс.
2. Өрт сөндіру құралдары нормаға сәйкес болуын және қолдануға дайын болуын, дереу пайдалану үшін мүмкіндік жасалуы тиіс.
3. Уақытша электр жарықтандырығыштар, тоқ және жоғарғы кернеулі электр желілері егін және орман алқаптарынан 100 м арақашықтықта орналасуы керек, дала қостары және егін алқаптары ені 4 м кем емес жолағымен жыртылады және темекі шегуге арналған орын деген жазулары бөлінеді.
4. Жұмыс жүргізу кезінде, егін

алқаптары маңайында сондай-ақ жанында сабанды және шөпті өртеуге тыйым салынады.

5. Мұнай өнімдерімен толтыру және газ-электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу арнайы құрғақ шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған алаңдарда жүзеге асырылуы тиіс және ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылған, құрылыстардан 50 м және шөп, сабан, тоқ желілерінен 100 м арақашықтықта жүргізілуі тиіс. Жанармай құю жұмыстары кезінде қозғалтқыш өшірілуі тиіс. Түнгі уақытта машиналарға жанармай құюға тыйым салынады.

Өрт шыққан жағдайда, ең алдымен «101» немесе «112» нөмірін теріп, азаматтық қорғау қызметін шақырыңыз. Есіңізде болсын, осы ережелерді қатаң ұстансаңыз өз өміріңіз бен дүние мүлкіңізді сақтай аласыз!

Е.ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау майоры.

Менингиттің алдын алайық

Менингит — халық арасында көп таралған дерт. Өте қатерлі ми ауруы. Бұл ауруға көбіне балалар тез шалдығады. Менингит басқа аурулардың, яғни шешек, мысқыл (шықшыт безінің қабынуы), көкжөтел немесе құлақтың қабынуы сияқты аурулардың асқынуынан болады. Бұрындары бұл аурудың емі табылмағандықтан, менингитке шалдыққан адам ұзақ өмір сүрмеген екен.

қызу көтерілу, дауыс қарлығып, өңі бозару секілді инкубациялық кезең өтіп, денеде қызғылт түсті дақтар пайда болады. Дене қызуы 40 градусқа жоғарылап, бұлшық еттері қысыла бастайды. Дер кезінде емделмесе көп жағдайда мүгедек болып қалуы да мүмкін. Жарыққа қарай алмай, қатты дауыстан қорқып, есінен адаса бастайды. Бұл белгі іріңді менингитті білдіреді.

Жоғарыда айтылған белгілер пайда болған жағдайда бірден жедел жәрдем шақыртыңыз. Мүмкіндік болса науқасты тез арада ауруханаға жеткізіңіз. Менингиттен айығуға болады. Бірақ мүмкіндік өте аз. Дәрігерге дер кезінде қаралып, қажетті емді қабылдаған кезде менингит ауруын жеңіп шығуға болады.

Алдын алу жолдары:
- Қайнатылған су ішкен жөн. Өйткені суда көптеген бактериялар мен вирустар болуы мүмкін;

- Тұрып қалған су объектілерінде балаларды шо-мылдырмау қажет: көлдер, су қоймалары және басқа да орындар. Мұндай орындарда міндетті түрде бактериялар болады;

- Жеміс-жидек пен көкөністерді пайдаланудан бұрын тазалап жуу қажет. Ет және балықты мұқият пісіріңіз;

- Жеке басы гигиенасын сақтаңыз. Көшеден келгенде, дәретханадан соң, міндетті түрде қолды сабындап жуу керек;

- Өзіңіздің және балаңыздың иммунитетін күшейтіңіз. Дәрумендер қабылдап, таза ауа-да серуендеңіз.

А. ЖАРТЫБАЕВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Билеген орта жүзді хан Абылай,
Еш бірін жат көрмеген дара Абылай.
Ерлердің ел бастаған соңына еріп,
Ұйыған сары уыздай қазағым – ай.
Сайыста қажымаған серіктері,
Ұрқына мұра болған ер істері.
Жоңғардың шапқыншылық алаңында,
Шайқасы Азияда өрістеді.
Қолбасы ер Қабанбай ту ұстаған,
Қайраты қаһарланса құрыш таған.
Үш жүздің бар батырын ұйыстырып,
Маңына қас дұшпанын жуытпаған.
Жауға қатал, досына мейірлі боп,
Кейітіп халық көңілін суытпаған.
Қасына ер Бөгенбай, Барақты алып,
Болғаны елге қорған алашқа анық.
Бердіқожа, Қасабай, Жантай батыр,
Қосылған ер Жәнібек талаптанып.
Ер Қасым, Баймұрат пен Райымбек,
Болғаны оған серік қазаққа анық.
Қосай, Тама, ер Шөрек, Малайсары,
Атын тізіп атайын санаққа алып.
Уәли болар бұл істі абайлайтын,
Ерекше атап өтем Бармақты алып.
Еспенбет, батыр Жаман, Орқабай ер,
Шын құрыш қайтпайтұғын

болаттай ер.

Ақбантай, Еспенбет пен батыр Тентек,
Атойлап жауға шапқан құлаштап ер.
Шағалақ, ақын Сұртай, Бұхар жырау,
Тайсалмай хан алдында берген сынау.
Айламенен қамалды шыққан бұзып,
Майсара – Гауһар батыр көрнеу

тұр – ау.

Ұраны болған екен алты алаштың,
Жүлде алған бәйгесінде сан таластың.
Боранбай, Есенгелді, Қазыбек би,
Жүйесін тауып айтқан сан сараптың.
Сондықтан елі сүйген, халық қалап,
Қолданған досына ақыл, жауға жарақ.
Даңқпен хан ұраны Қабанбай деп,
Айбынды ұран қылды барлық қазақ.
Хан, қара ақылынан асқан емес,
Салмағы жаттың жеңіп басқан емес.
Орта жүз сүттей ұйып дегеніне,
Беріп ең ақылменен жасқа кеңес.
Дағдыры бар жасақтың қолында боп,
Болыпты абыройы ханмен теңдес.
Хандығын ханның жасақ

сақтайды екен,

Білгенді халық сүйіп жақтайды екен.
Қабанбай орта жүздің ұйтқысы деп,
Бар қазақ пірі тұтып мақтайды екен.
Қамалды талай бұздың дара шығып,
Сүйсінді ерлігінді алаш ұғып.
Өлтірдің жекпе – жекте Арқауылды,
Келгенде қоймаймын деп, аласұрып.
Қазақтың артыңа ертіп бар батырын,
Қарадың досқа күле, жауға қырын.
Дарабоз қолбасылық атақ алып,

Дарабоз тұтқасы

Көктұмадағы Қаракерей төселінде (съезінде) Қабанбайдың Сүлеймені мен мұрынның кәрі биі Бөкеншінің алдында Кәрібай ақын қазақ батырлары және Қабанбайдың сипаты жөнінде бір қыдыру өлең айтыпты. Соның кей нұсқалары былай:



Қорғадың жауды жеңіп ел өмірін.
Айқастың Доржыменен Алакөлде,
Шығардың жауды қуып Сарыбелге.
Ханды өлтіріп, жеңісті қолыңа алдың,
Қандыжан қолға түсіп болды пенде.
Қазаққа баянды боп осы жеңіс,
Қуанды алақайлап қазақ тегіс.
Сөзімнің артық – кемді жері болса,
Сүлеймен разымын берсе сөгіс.

Ақын өлеңін осылай аяқтағанда, Қоңыр төре: «Ұққаның бойынша Қабанбай батырдың жаратылыс сипатын сайрап көр, бұлбұлым» - дейді. Сонда отырған атақты он екі бидің жасы үлкені мұрын Бөкенші қария, Мамырбек төре, Шерубайдың Омары, Билеушін сияқты қазақтың білікті дегдарлары сүйсіне құптап, ризалық білдіреді.

Сияздың төбе басы Сүлеймен өзі

қосылып, Қабанбайдың жаратылыстық кейпі мен белгілерін әңгімелеп беріпті. Бекбосын би талабы зор жас ақынға бата беріп: «Қане, бұлбұлым, сайра» деп қолқалапты. Барлық жұрттың ауқымын ұққаннан кейін шабыттанған ақын батырдың сипаты мен тұлғасын былай-ша бейнелеген екен:

Мәмбеттен туған екен Қожағұл ер,
Ерлікпен болған екен халқына бел.
Өскелең өнерімен көзге түсіп,
Тең біткен бір басына қайрат – жігер.
Туыпты ер Қабанбай Қожағұлдан,
Шын атын Қабанбайдың Ерасыл дер.
Үлкендер аңыз қылып кеңескенде,
Сипатын Қабанбайдың мынадай дер:
Адамнан тумысында өзгеше қып,
Жаратқан құдыретпен пәруардігер.
Бар екен маңдайында қоян тобық,

Батырдың суретші алдында

Қабанбай батырдың 300 жылдығы қарсаңында қазақтың аймаңдай ақыны, халықаралық жыр жарыстарының топжарғаны Тұманбай Молдағалиевтың осы өлеңі көпшілік көкейінен орын алған еді...

Суретші менен келіп бірде өтінді,
Көрші деп, батыр, сенің суретінді.
Суретке қарап тұрмын, бір бетің нұр,
Сәл – сәлдеу қарайтыпты бір бетінді.

Көзде де сыр жатыр – ау мына – мына,
Кім мінген арманының пырағына.
Атасын тірілтсем деп армандаған,
Батасың суретшінің қиялына.

Бейне бір тұлпар өмір таң асқандай,
Серт семсер жақсылыққа таласқандай.
Қабақтан қар жауып тұр, сәл жоғарлау,
Дулыға қазан басқа жарасқандай.

Айналған асқан батыр жырымызға,
Тілейміз мерейін де ұлымызға.
Ерін де жұп – жұқа емес бітетін бір,
Қызғаншақ еркек пенен сұлу қызға.

Көздерің дүниені бағатындай,
Сөздерің көкірегіңнен ағатындай.
Мұртың да әдемі екен Алтайдағы,
Мұзбалақ қыран құстың қанатындай.

Жүзінен байқалады ізет еттеп,
Ізетпен батыр елге қызмет етпек.

Қас батыр сұлу болса, қас батырды,
Кетпейді еш жаққа да қыз жетектеп.

Батырды балпаңдаған түсіп аттан,
Өрқашан өткендей – ау кісі мақтан.
Желеді жел жетпейтін тұлпары да,
Келеді аржағынан ақ шуақ таң.

Келеді жеңіс таңы жайлап атып,
Батыр тұр бір ағашқа байлап атын.
Өзенді жарып өткен ерліктің де,
Кезі енді келе жатыр ойланатын.

Кисе де жарасардай қазан тұмақ,
Биікке шығарды елді аз ынтымақ.
Батыр тұр: «Қолдан осы келгені» -
деп,
Жауынан туған жерін тазартып ап.

Жеңіске жеткен күнгі ерді көріп,
Мен де бір ойға шомдым тебіреніп.

Үш ғасыр содан бері өткен екен,
Нені алдық, нені қойдық,
нені беріп.

Біртіндеп көз алдымнан өшті
мұнар,
Өлмеске бастай білді көшті бұрап.
Жеңіске жеткендерге той
жасайтын,
Елімнің ескірмейтін дәстүрі бар.

Ат шаппақ, ару қашпақ, жігіт қумақ,
Қазағың келді тойға улап – шулап.
Арман жоқ бұл әлетке жеткенге де,
Қалған жоқ туған жердің
көлі құрғап.

«Я, сәт бере көр, - деп, -
ә құдай бақ»,
Арттағы жетім – жесір елін ойлап.
Замандай дүрілдеп бір
бастан өткен,
Қабанбай бара жатыр Абылайлап.

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ.

Әлеуметтік желілердегі гіни сауаттылық



Адамзаттың әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық, саяси өмірінде ерекше орын алатын жаһандық өмір тынысына айналған ол қазіргі «әлеуметтік желі». Ақпараттандыру заманы адамдардың ғаламтор арқылы ақпарат алмасып, табыс тауып, күнделікті тілдесу құралына айналған. Білім алып, бір нәрсе үйрену үшін де қазір онлайн арқылы барлық жағдай жасалынған. Курстар, кішігірім онлайн мектептер, мұғалімдер, үйретуші мамандар арқылы білімді ұлғайта аласың. Адамдар діни сауатын да қазіргі заман талабына сай әлеуметтік желілер арқылы аша алады. Ақпарат айдыны кеңейген сайын, әлеуметтік желі тұтынушылары да, ішіндегі ақпарат та көбейіп жатыр. Діни мәліметтерді де қазір интернет жүйесінде әртүрлі ақпараттар алып, бөлісе аламыз. Білмегенімізді үйден шықпай, ақпараттар арқылы біліп үйренуге болады. Зерттеу орталығының зерттеуі бойынша қазақстандықтардың 80%-ті діни сұрақ туындағанда әлеуметтік желіден ақпарат іздейді, кез-келген сәтте, қай жерде болмасын қалаған мәліметтерін ала алады. Әлеуметтік желілердің қаншалықты пайдасы болса, соншалықты кері жақтарын да тигізуде. Пайдалы ақпараттармен қоса пайдасыз, керітартпа, адамдарды адастырып, жаман жолға түсіретін мәліметтер де аз емес. Әсіресе қазіргі заманда әлемдік мәселеге айналып отырған діни сауаттылық, бүгінгі қоғамдағы жат ағым, деструктивті топтар, адасқан

ағым дәріптеушілердің басты құралы әлеуметтік желі болып отыр. Діни сауаты төмен, діни сауаты жоқ адамдар осындай ғаламторда жат ағым идеологиясын таратушы адамдар азғындауына тез ілеседі. Әртүрлі сайттар арқылы өздерінің кері идеологияларын насихаттап, ғаламторды өз пайдаларына асыруда. Ондай сайттар, ақпараттар мен насихаттаушы адамдар жеке парақшалары мемлекет тарапынан жабылып отырады алайда ол дегеніміз санының азайғанын көрсетпейді, керсінше саны өсіп қоғамға кесірін тигізуде. Әсіресе деструктивті ағымдар мен таратушы адамдар құрбаны болып, адасқан ағым жетегінде кетіп

жатқан ол жасөспірім балалар, жастарымыз, дінге бет бұрып қызығушылығы артып келе жатқанда интернет желісінен мәліметтер іздеп, діни кітаптар оқып, уағыздаушы адамдардың айтқанына жүгініп жатады. Ол ақпараттардың бұрыс-дұрыстығын айырып білу, енді дінге бет бұрған адамға белгісіз, сол үшін де дінге қатысы бар ақпарат болғасын қызығушылығы, көріп іздеуге құлшынысы артады. Барып білгеннен, білім алғаннан қарағанда қолында тұрған ұялы телефон арқылы керегін тапқанды жөн санап, санасын улап жатқан ақпаратты ескермейді. Әлеуметтік желі арқылы да сапалы ақпарат алуға болады, алайда діни сауатты алғашында арнайы мамандар мен ұстаздардан алған абзалырақ, діни жүйе қалыптасып, ақпарат іздеу барысында дұрыс-бұрыс ақпаратты айыра алатындай. Әр нәрсені өз пайдамызға шеше алатындай, өмірімізге пайдалы ақпарат алуға тырысайық. Әлеуметтік желіні саналы түрде пайдалансақ, қазіргі заманда ұтарымыз көп.

Д.МЕЛІС,
дінтанушы.

ЖСН-ді "Банк Центр Кредит" арқылы да алуға болады

Яғни, Халыққа қызмет көрсету орталығы келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында жеке сәйкестендіру номерін "Банк Центр Кредит" арқылы рәсімдеу мүмкіндігін сіздерге ұсынып отыр. Қазірдің өзінде 100-ге жуық шетел азаматы екінші деңгейлі банктің бөлімшелерінен өздерінің жеке сәйкестендіру номерін алып үлгерді. Банк бөлімшелерінің мекенжайын графикадан көруге болады.

Айта кету керек, уақыт үнемдеп, көбейген кезекті азайту мақсатында Мемлекеттік корпорация шетелдіктерге eGov.kz арқылы кезекті броньдаудың қосымша қызметін құрастырды. Сондай-ақ кезекті онлайн-броньдау қызметін EgovKzBot2.0 Telegram бот арқылы да пайдалануға болады.

В целях снижения нагрузки на ЦОНЫ было принято решение об оказании государственной услуги по получению ИИН иностранным гражданам через Банк ЦентрКредит. Порядка 100 иностранных граждан уже получили ИИН в отделениях банка второго уровня. Посмотреть адреса приема в отделениях банка можно в графике.

Отметим, что в целях экономии времени и во избежание возникновения очередей в ЦОНах, Госкорпорация разработала дополнительный сервис по бронированию очереди в усиленные ЦОНЫ для иностранцев через eGov.kz. К слову, ранее уже был реализован сервис онлайн-бронирования через Telegram бот EgovKzBot2.0.

Ернар ЕСІМЖАН,
Сарқан ХҚКО маманы.

Нулевая терпимость к правонарушениям в армейской среде



С целью выявления скрытых фактов военнослужащими Талдыкорганского и Уштобинского гарнизонов привлечены их к административной ответственности за совершение административных правонарушений, сотрудниками отделения административной практики Отдела военной полиции Талдыкорганского гарнизона ежеквартально проводится сверка с Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной про-

куратуры Республики Казахстан.

По результатам сверки и проведенного анализа Отделом военной полиции Талдыкорганского гарнизона в адрес командования воинских частей направляются представления по устранению обстоятельств, способствующих совершению преступлений и правонарушений, и других нарушений закона (в порядке ст.8 п.12 Закона РК «Об органах военной полиции»), по результатам рассмотрения представления принимаются меры воздействия в отношении лиц допустивших административные правонарушения предусмотренных законодательством.

В случае установления военнослужащих, систематически допускающих административные правонарушения, последние включаются в группу лиц, склонных к совершению правонарушений. С указанной категорией лиц систематически проводятся профилактические мероприятия, включающие в себя индивидуальные беседы, разъяснение административного законодательства.

В целях профилактики совершения административных правонарушений, совместно с командованием воинских частей организовываются и проводятся мероприятия с привлечением специалистов органов прокуратуры, МВД, здравоохранения.

Ю.СКОРЫХ,
начальник отделения административной практики Отдела военной полиции
Талдыкорганского гарнизона, подполковник юстиции.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілік

Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа «мүлдем төзбеушілік» көзқарасты қалыптастыру жөніндегі мәселені Президент 2014 жылдың 26 желтоқсанында бекіткен «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында» көтерді.

Стратегияның мақсаты – мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрінісіне «мүлдем төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту және Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың тамыры тереңде жатқан қауіпті әлеуметтік құбылыс.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын орындау мақсатында «Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ-сі өз қызметкерлерімен дөңгелек үстелдер, ұжымдық жиналыстар және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңын түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Еңбек жолын бастаған жас қызметкерлерге жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынуына және орындауына байланысты жұмыстар жүргізілуде.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруымызға болады. Мемлекеттің және тұлғаның дамуына тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту-барлығымыздың азаматтық борышымыз.

Е. САДЫКОВ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ-нің заңгері.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БІР ЖЫЛ ІШІНДЕ 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ӨСТІ

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының шоттарында 13,97 трлн теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. Бір жыл ішінде (01.09.2021ж. - 01.09.2022ж.) сома 1,02 трлн теңгеге немесе 7,9% өсті.

Зейнетақы жинақтарының негізгі бөлігі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен 13,6 трлн теңгені құрады. Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары 416,0 млрд теңге, ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының жалпы көлемі шамамен 3,0 млрд теңге.

Кіріс ағындары, атап айтқанда, жарналар биыл көбейе түсуде. 2022 жылдың сегіз айында салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 1,1 трлн теңге зейнетақы жарналары түсті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 29% немесе 246,7 млрд теңгеге көп. Өсім жарналардың барлық түрі бойынша болғанын атап өту керек. Жарналардың жалпы көлемінің 95,3% БЖЗҚ-ға МЗЖ бойынша түсімдер құрайды – 1,0 трлн теңге (соңғы 12 айдағы өсім 29%), МКЗЖ бойынша 50,1 млрд теңге (өсім 37%) түссе, ЕЗЖ бойынша 1,6 млрд теңге (өсім 293%) аударылды.

Зейнетақы жинақтарының айтарлықтай өсуі 2022 жылғы 1 қаңтар мен 1 қыркүйегі аралығында шамамен 694,7 млрд теңгені құраған таза инвестициялық табыстың арқасында қамтамасыз етілді.

2022 жылдың 1 қыркүйегіне БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 12,0 млн бірлікке жетті. Шоттардың ең көп үлесі міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен ашылды – 10 907 012 бірлік. МКЗЖ бойынша қалыптасқан шоттар 581 410 бірлік болса, ЕЗЖ есебінен қалыптасқан жеке зейнетақы шоттарының саны 346 793 бірлікке жетті.

Жыл басынан бері БЖЗҚ өз салымшыларына 1 триллион теңгеден асатын сома төледі. Оның басым бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсарту және емделу мақсаттарына арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады – 868,3 млрд теңге. Жасына байланысты төлемдер – 75,9 млрд теңге, мұрагерлік бойынша төлемдер – 43,2 млрд теңге, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер – 34,0 млрд теңге, сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 17,5 млрд теңге, жерлеуге арналған төлемдер – 3,7 млрд теңге және мүгедектік бойынша төлемдер – 1,6 млрд теңге.

Атап кету керек, БЖЗҚ-дан кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем (зейнет жасына толуына байланысты) 29 859 теңге, ал ай сайынғы ең жоғары төлем 707 326 теңге болды.

Сайлау - 2022

Сайлау – саяси жүйені жаңарту процесінің бастауы



Мемлекет - тәуелсіз биліктің саяси ұйымы, қоғамды ортақ мүддеге біріктіре отырып, біртұтас етуші институт. Ел болашағы - мықты басшы, тату халық, білімді ұрпақ, жалынды жас, орныққан реформа арқылы көрінеді. Дамыған, дамушы елдер қатарында болу үшін, мемлекет әлеуметтік-саяси жүйесін бірқалыпта ұстап отыруы керек. Ел ішінде жүргізілетін жаңа бағыт, мемлекетке қаншама өзгешілік алып келеді. Қазақстан Тәуелсіздігіне 31 жыл болды,

халыққа Президент Жолдауында ел ертеңі үшін жаңа реформалар қабылдап отырады. Жаңа реформа - экономикалық-саяси салаларды, қоғам мен мемлекетті реттеуші, жаңа бастама көтеруші. Саяси тұрғыда мемлекетімізге көз тастасақ, қаншама іс жүзеге асырылып жатыр. Саясат - қоғамдық істерді жеке адамның мүддесіне қарай басқару тәсілі екенін ескерсек, басшы реформасына қарай, іс жүргізуіне байланысты ел экономикасы қалыптасады. Еліміз демократиялық мемлекет, қоғам мен мемлекет арасында байланыс қалыптасқан. Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін алғаннан бері, жеке-дара билік жүйесін қалыптастырып, саяси реформаларын жүзеге асыруда. Саяси реформалары - ел экономикасы мен жағдайына қарай өзгеріске түсіп, қадағаланып отыр. Саяси реформаларда жүзеге асыру кепілі - сайлау жүйесі екенін айтқан жөн. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2022 жылдың 1-ші қыркүйегінде халыққа жолдаған Жолдауында биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді, Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынған болатын.

Сайлау жүйесі – бұл саяси билікті заңды түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін ереже. Мемлекет жаңаруын Президент сайлануымен алып қарар болсақ, президент сайлау арқылы өз мандатымен таққа отырады, сайлауға мемлекеттегі азаматтар ат салысады. Бұл барлық әлеуметтік топтардың мүдделерін анықтаудың, қалыптастырудың, іске асырудың тетіктерін жетілдіру. Жеке адамның жан-жақты жетілуіне көмектесу, ұлттардың үйлесімді дамуы, достықты нығайтып, ынтымақтастықтың процестерін жүргізу. Ел болып дауыс беру арқылы таңдалған сайланушы, қаншалықты маңызды артылған міндетті сезіне білуі керек. Жаңа ойлар, басқару өзгешілігі, жаңа реформа, жаңа басшы келгенде барлық халық болып күтетініміз осылар оны айтпасада түсінікті. Заңдылық пен құқық тәртібін нығайту, халықпен жұмыс істеу, мемлекеттік, партиялық және қоғамдық ұйымдардың қызметтерін және өкілдіктерінің арқару істерін айқындап беру, саяси жүйе құрылымын жаңартудың тиімді тетіктерін жасауды қалыптастыру. Осы секілді арқарулы тиіс істерді нұқсайды. Жаңа президенттік жүйе, сайлау, саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырары сөзсіз.

Азаматтар сайлауға қатысып, өз таңдалуларын жасау арқылы еліміздің саяси жаңғыруына, жаңа демократиялық модельге көшуіне қолдау білдіретіні анық. Сол себептен, барлық мемлекетіміз бойынша сайлауға қатысуға құқылы азаматтарды дұрыс таңдау жасауға, саяси жүйенің жаңару процесін таңдау жасап тұрған сәттен басталуынан сенім білдіруге шақырамын.

Д.МЕЛІС,
жас маман, қоғам белсендісі.

Экологиялық туризм - әлемдегі ең ірі және екпінді даму салаларының бірі. Экологиялық туризмнің пайда болуының негізгі өзгешілігі мен тұрақты даму тұжырымдамасына сәйкес табиғи ортаға түскен шығынды төмендету болып табылады. Барлық ғаламшарда экологиялық жағдайдың күрт нашарлауына байланысты мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар, туристтік фирмалар табиғи қоршаған ортаға келушілердің әсерін төмендету туралы қоғамның хабардарлығын жоғарлатудың жолдарын іздеуде.

Экологиялық туризм — туризмнің жаңа шыққан түрлерінің бірі; сауықтырушылық, танымдық, қарым-қатынастар ұштастырылатын, халықтың тынығуға қатысты қажетсінулерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін туризм саласы. Экологиялық тұрғыдағы көрнекті орындарды ұлттық саябақтарды, табиғат ескерткіштерін, табиғат қорғау проблемалары неғұрлым оңтайлы шешілген аумақтарды, экологиялық ұйымдарды аралап көру болып табылады.

Туристтік кластердің дамуының шегінде, республикада туризмнің дамуының басым бағыттары белгілі болды, мынадай іскерлік, экологиялық, мәдениетті - танымдық, және де экстремалды туризмнің экологиялық түрлері.

Қазақстан тәуелсіздік алу арқылы туризмнің дамуында үлкен болашақтарды ашты. Туристтік саланы одан әрі дамыту мақсаттарында, Қазақстан Республикасының туризм және спорт министрлігімен туристік салаға инвестиция тарту бойынша жағдайлар жасау және

де туризмнің приоритеті бағыттарының дамуы, дүниежүзілік деңгейде ұлттық туристтік өнімінің брэндінің жасалуы және өрлеуі, ең ірі халықаралық туристтік көрме және жәрмеңкеге елдердің қатысуы, республикаға туристтік ағынды тартуға мүмкіндік беретін, туристтік іс-шара ұйымдастыру, туризм облысында ынтымақтастық туралы халықаралық келісімнің жүзеге асуы бойынша игі жұмыстар жүргізілуде.

Туризм мемлекеттік экономикасы дамуының басым салаларының бірі болып мойындалды.

Қазақстан Республикасының «Туризм туралы» заңы, «туризм» ұлттық жүйе қызметінің базистік заңды актісі болып табылады, оны сол немесе басқа да аймақтың, мемлекеттердің, оның мәдениетінің және салт-дәстүрлерін танып білу мақсатымен адамдардың демалыс уақытын өткізу жүйесі ретінде анықтайды.

Әртүрлі елдің тәжірибесі көрсеткендей, туризм индустриясы іс жүзінде кез келген экономиканың құрамдас бөлігі болып табылатынын айғақтайды.

Өзінің төл өзгешеліктеріне ие бола отырып, туризмнің бәсекеге қабілетті индустриясын жасау үшін Қазақстан үлкен әлеуетті мүмкіндіктерге ие болады. Осыған мүмкіндік беретіндер:

- осы аймақ арқылы халықаралық туристтік және коммерциялық сапарлар ағыны қажеттілігін тудыратын аймақтың тиімді геосаясат жағдайы;

Менің сүйікті ұстазым

Қазақ жазушысы М.Әуезов атамыз «Ұстаз – ұлы есім» деп атап кеткендей, ұстаз – адамзат баласы үшін адамгершілік пен мейірбандылық турасында жоғары тұратын тұлға. Ұстазды біз екінші анамызға теңейміз. Яғни бар ғұмырын, еңбек жолын, махаббаты мен мейірін, жанашырлығы мен қамқорлығын сабақ үстінде біліммен қатар ұштастырып шәкірттерін рухани азықтандырып отырады. Ұстаз өмірдің иірімдерінен қалай жылжуды үйрететін де бағыт-бағдар көрсететін бағдарламашы іспетті. Ұстаз жайлы талай ақын-жазушылар, ойшыл-ғұламалар ой тебіренген, өлең жазып, жырлағандай, әрбір адамның өмірінде жүрегінен жол тапқан, жанарымен шуақ шашқан асыл ұстазы болады. Сол секілді менің де сүйікті ұстаздарым бар, бірақ соның ішінде ойы жібектей шәкірттерінің жүректерінен өзі берген жемісінің өнімін көруге асық, әрі санамызға ақыл дәнін сепкен ұстаздардың бірі де бірегейі - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қасымбаева Қаламқас Тоқтасынқызы.

Менің тұлға болып қалыптасуыма бірден бір септігін тигізіп, ілім-ғылым жолын танып, сабаққа деген зейінімді ашып, әлемнің жарығын тануда ерен еңбегі бар ұстазым жайлы жазғым келеді. Өмірде өз жолымды табуға бағдар беріп, арман-қиялыма қанат бітіріп, әрдайым қолдау білдіріп, жігерлендіріп отыратын ұстазым мен үшін ең қымбат жан. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне деген махаббатты оятып, тіліміздің өте бай екенін ыждағатпен түсіндіріп, қазақ әдебиетіміздің тамыры тереңде жатқанын тебірене айтып отыратын ұстазымның арқасында мен қазақ тілі мен әдебиеті сабағын үнемі асыға күтіп отырамын, сабақ үстінде айтылатын сүбелі сөздер мен терең ойлар сана биігіне жеткізетінін көзім де жетіп жатады. Сонымен қатар кітапханаларға барып, оқуға шабыттандырып отырады. Сабақ үстінде орындаған үй тапсырмалары мен берілген тақырыпты бірге талқылауға ынтылдандырып, ойымызды ұштап отыратын ұстазымның еңбегі еленіп, ұзақ жасауын тілеймін. Иә, менің сүйікті ұстазым ұрпақ тәрбиесінде елеулі еңбегі сіңіп келе жатқан шәкірттерін білім нәрімен сусындандырып жүрген білікті де білімді, тәжірибелі де жан-жақты мұғалім.

Егеубек ТӨЛЕУБЕК,
М.Мәметова атындағы орта мектебінің
9 сынып оқушысы.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРМЕН ЖҰМЫС БАСТЫ НАЗАРДА

Сарқан аудандық кітапханасында оқырмандарға қызмет көрсете отырып, көпшілік іс-шаралар, соның ішінде түрлі кездесулер, акциялар, оқулар ұйымдастыру бағытында егде жастағы және мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмыстануды «Нұр» Сарқан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы КММ-ның басшысы Асқарова Айгүл Оразғалиқызының назардан тыс қалдырмайды. Бұл бағытта жұмыстар жыл бойы, әсіресе кітапханаға оқырмандарды тарту, қайырымдылық айлығында қарқынды жүргізілді. Аудандық кітапхана, «Нұр» Сарқан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы жоспар бойынша бірлесіп жыл бойы ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Осындай мақсатта қазан айының 07- күні аудандық кітапханамызда «Нұр» Сарқан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы КММ-ның қызметкерлері әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман - Ә.Тұқымбеков, психолог- Л.Мамырбекова, еңбек терапиясы жөніндегі инструкторлары- Г.Батырбекова, А.Дюсекенова, еңбек дене шынықтыру инструкторы- Ш.Мәдиұлы және мүмкіндігі шектеулі жандармен мәдени жұмыс ұйымдастырылды. Шара барысында кітапханашы А.Сабитова оқырман қауымға бұл топтағы оқырмандардың бос уақыттарына мәдени демалыс сыйлап, қызметтің барлық түрін қолдануға, қажетті ақпаратқа қол жеткізуге жәрдемдесіп, олардың да еліміздің тең құқылы азаматтары, қоғамның толыққанды мүшелері екені туралы айтып, көңіл-күйлерін көтеру жолында барынша жұмыс жүргізді.

А. САБИТОВА,
кітапханашы.

ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ ПАРКТЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

- саяси тұрақтылық, бұқарашыл өзгерістер, экономикалық реформаны жүргізу;

- экологиялық туризмді ұйымдастыру үшін табиғи ландшафттың, флораның және жануарлар дүниесінің алуантүрлілігі;

- экологиялық туризмнің нысандары болып табылатын, мәдени - тарихи рекреациялық қорлардың түрлілігі;

- еркін еңбек қорларының барлығы.

Экологиялық туризмнің дамуы және туризмнің басқа түрлері сияқты, қонақ үйлер, туристтік базалар, кіре беріс жолдары, тамақтану пункттері құрылысына, жарнамалық өнімді дайындауға және т.б. қаржылық және материалды - техникалық қаражаттарды жұмсалыуына байланысты болады.

Қорғалатын табиғи аумақтар, олардың шегінде, әдетте, экологиялық туризм дамиды, қазіргі уақытта қаражаттық және материалдық көмекке мұқтаж болып отыр.

Экологиялық туризмдамуыныңғылыми негізделген бағдарламасы республикада мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты аралығында, оның жүзеге асуын қарастыру қажет. Экологиялық туризмнің дамуының бағдарламасын жүзеге асыру экономикалық тиімділікті анықтауда күрделі мәселе болып отыр. Экологиялық туризмнің Қазақстанда әлсіз дамуының негізгі себептеріне тағы да жатқызуға болатын мәселелер:

- экологиялық туризмнің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіруге қажет;

- экологиялық туризмнің нысанының жағдайы және саны туралы статистикалық есептілікті нақтылау;

- салық саясатының жетілмегендігі, соның нәтижесінде туристтік қызмет шетелдік туристтерді қабылдау немесе отандық туристтерді шетелге жіберу әдісін жүзеге асыратын туристтік фирманың қызмет атқару сипатын шектемей 20% өлшемде үстемелі құнға салық салынады;

- экологиялық туризмнің жол бағдарының дамуына ЕҚТА көпшілігінің жетерлік қаражатының жеткіліксіздігі;

- келушілерді ақпараттандыру және қызмет көрсету бойынша дайындалған кадрлардың жеткіліксіздігі;

- магистралдан және жолдардан негізінен едәуір арақашықтыққа орналасуынан экологиялық туризм нысандарының төмен транспорттық қолжетімділігі;

- экологиялық туризмді ұйымдастыруда, экологиялық туризмнің және халықаралық тәжірибе облысында халықаралық жөңделген қатынастарының жеткіліксіздігі.

Ландшафттық және биологиялық әртүрлілікті сақтау бағыттарының бірі статусы бойынша әртүрлі болатын «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар» жүйесін жасау болып табылады.

М.УНЕРБЕКОВА,
«Жоңғар-Алатауы» МҰТП
инженер-экологы.

Еске алу

Үзілген ізің жалғансын...



Тағдыр деген әркімнің өмірінің өзгертуге келмейтін өлшемі екен. Сол өлшемнің аясында мына жалған дүниедегі жолың мен соқпағыңның, еңісің мен өрісіңнің, қуанышың мен мұңыңның, қызығыңның, азды-көпті ғұмырыңның әрбір қадамы мен парағы қатталып, сақталып қалады екен. Осыдан 40 күн бұрын өмірден өткен **Талғат Қанатұлы** еске алғанда «Жазмыштан озмыш жоқ» деген сөздің бекер айтылмағанын еріксіз мойындайсың. Өйтпесе, бар-жоғы 53 жасында атпал азаматты алдамшы ажал арамьздан ойда-жоқта алып кетеді деп ойлап па едік?!

Талғат бауырымыздың соңында жарқын ізі қалды. Кезінде ол басқарған іргелі қалалардағы өзіндік қолтаңбасын айналасындағылар айтып тауыса алмайды. Сарқандықтар қысқа ғана мерзім ішінде елді мекеннің еңсесін көтерген туған

елдің тұлғалы перзентінің бастамаларын қуана қолдап келді. Амал не, маңдайларына жазылған іскер әкімнің ғұмырпарағы ерте жабылғанына аудан тұрғындарының өкініп, тағдырға налығанын көзімізбен көріп жүрміз. Мен болсам асылымызды жоғалтқандай, ардағымыздан айырылғандай күн кешудемін. Алғаш аудан тізгінін ұстаған күннен бастап мені өзі туып өскен Көкөзек ауылындағы орта мектептің кезіндегі директоры әрі ұстазы ретінде бағалағаны, жоба-жоспарларымен бөліскені бір сәт те есімнен шығар ма?!

Пейілің пәк еді балаша,
Арманың таусылмас санаса.
Қапыда айрылдық өзіңнен,
Ажалға бар ма екен араша?!

Адал ең, кеңпейіл, керім ең,
Жан едің нұр төккен өңінен.
Жаннатың бағында қалықта,
Орын ап пейіштің төрінен!

Сағына еске алушы: Сарқан ауданының Құрметті азаматы Күлшарбан ҚАЛИЕВА.

Сарқан ауданы Қойлық ауылының тумасы, ата-анасының аяулы баласы, асыл әке, адал жар, бауырмал бауыр, қимас дос, қадірлі құда баламыз **Смағұлов Азамат Оралханұлының** 37 жасында мәңгіліктің мекеніне кеткеніне қазан айында бір жыл болады. Алла тағаланың маңдайға жазғанына пендесінің көнуден басқа амалы бар ма ... Енді ғана өмір кемесіне жүзіп қанат қаға бастағанда, көрер қызығын көрмегені көңілге қаяу салады. Жарқылдап жүрген Азаматтың жарқын бейнесі көзден кетсе де, көңілден кетпейді. Қадірлі жанның әрбір ісін айтып сағынамыз, жарқын бейнесі бәріміздің есімізде. Жаны жәннатта, иманы жолдас, жер бесігі жұмсақ болсын. Ағайынға сыйлы, жора – жолдастарына қадірлі, жиендеріне ерекше мейрімді, жаны жайсаң Азаматты сағына еске аламыз. Жаратушыдан артындағы отбасына берген жақсылықтарының ғұмырлы, баянды болуын тілейміз.



Құрақ ұшып қарсы алушы ең жарқылдай,
Ерте кеттің күш – қуатың сарқылмай.
Отбасыңның қуанышын көрмедің ғой,
Құлындарың ер жеткенде алтындай.
Көп еді әлі атқарар ісің арманың,
Еңбек еттің ерінбедің талмадың.
Бір әулеттің арқа сүйер тірегі боп,
Ағайынның аражігін жалғадың.
Жыл толды ғазиз жүрек тоқтағалы,
Туыс-туғаның сағынып еске алады.
Күлімдеген мейрімді асыл бейнең,
Жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Еске алушылар: Каримовтар әулеті, Көктерек ауылы.



Пограничник ауылының тұрғыны, Дакеевтер әулетінің тұңғығы таусылмайтын мәңгілік сағынышы **Дакеев Сейдахон** Тоқтағанұлының 2020 жылы 26 қазан бұл фәниден өткені біз үшін Асқар тауымыз шағылып, төбемізден аспан айналып жерге түскен күн. Асыл адамымыз бұл өмірден бізді тастап кеткен күн. Алқымымызды қысып, жүрегіміз жарыла жаздаған, бауырымызға деген сағынышымыз артып, боздап жоқтаған күн. Еңіреп еңсеміз түсіп өкірген күн. Қорғанымызды іздеп қамалған күн. Қарғам, айналайын, әке деген сөзге ендігі өмірде зар болып өтетінімізді білген күн. Төрт құбыламыздың бірі шағылған күн. Өкінішіміз өзегімізді өртеп, сағыныш әлемінде мәңгілікке бойлаған күн. Бұл күн біз үшін мәңгілікке бауырымызды, әкемізді

асыл қазынаны жоғалтып алған күн.

Ешкімнің жоқ білем бірақ таласы,
Тағдырымның болып тұрады аласы.
Жүрегіме жара болып қадалған,
Асқар таудай бауырымыздың қазасы.
Жүк түсіріп ойда жоқта төбемізден,
Ойландырып қойды менен тереңнен.
Тағдыр мені осылайша сынамақ,
Алланың дегеніне көнем мен.

Сағына еске алушылар: Дакеевтер әулеті, жиендері.

Сарқан қаласының тұрғыны болған ардақтымыз **Сартбаев Жарас Балғабекұлының** жан жүрегімізді сыздатып, бақилық сапарға аттанғанына 2022 жылы 6 қарашада 1 жыл толады.

Қап-қара мөлдіреген көзіңді,
Сағындық қой, бір жыл болды өзіңді.
Еркін едің, ерекше ерке едің,
Сағынышпен еске аламыз өзіңді.
Жүруші едің шапқылап серідейін,
Достарың да тым көп еді сенің.
Той – думан еді жүрген жерің,
Дос, туысқа ақ, адал еді көңілің.
Ғайып болдың өмірден қас – қағымда,
Сыйлы едің достарыңа, ағайынға.
Жәннаттан орын болсын – тілегіміз,
Еске алып, үнемі дұға етіп жүреміз.
Жатқан жеріңе Алладан сұраймыз,
Нұрын төксе екен деп әрдайым.
Топырағың торқа, жайлы болсын,
Пейіште жансын сенің шырағың.

Еске алушылар: анасы, ағалары, әпкесі, күйеу бала, қарындасы, жиендері.

Барша ағайын-туыс, дос-жаранды «Жетісу» мейрамханасында 29 қазан сағат 12:00-де болатын жылдық асына шақырамыз.



Тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі

Біздің қаламыздағы өрттердің көбісі тұрғын үйлер мен пәтерлерде болады. Көбінесе өрттер отпен ұқыпсыз немесе салақтықпен қарау, әсіресе «мас күйінде» темекі шегуден туындайды. Өрттер, көбінесе, жөнделмеген, қараусыз қалған электр аспаптарынан болады.

• Егер сіздің үйіңізде немесе сіздің көршілеріңізде өрт болса, ең бастысы - дереу өртке қарсы қызметін шақырыңыз. Ол санаулы минутта жетеді. Үйіңізде телефон болмаса да, амалсыз жағдайлар болмайды: бақытсыздыққа ұшырағандығыңыз жайында дабылды терезеден немесе балконнан беруіңізге болады.

• Тұрмыстық электр аспаптарын қараусыз қалдырмаңыз. Жанып жатқан тұрмыстық электр аспабын (теледидар, жылытқыш және т.б.) ең алдымен залалсыздандырып, содан кейін «101» нөміріне қоңырау шалыңыз. Қолдан жасалған электрлік жылытқыш аспаптарды қолданбаңыз.

• Мүмкіндігіңіз болса пәтерге кіретін есіктен шығып кетуге тырысыңыз. Жанып жатқан бөлменің есігін артыңыздан қаттырақ жабу өте маңызды, бұл оттың пәтердегі барлық бөлмелерге таралуына жол бермейді.

• Егер кіреберіс есік жаққа баратын жол отпен және түтінмен бөгеттелсе, балкон арқылы өзіңізді құтқарыңыз. Балкон есігін өзіңіздің артыңыздан міндетті түрде жауып қойыңыз. Төменгі қабатқа балкон люгі арқылы немесе қосылған балкон арқылы көршілердің көмегімен өтуге болады.

• Құтқарылудың тағы бір жолы – терезе арқылы. Бөлмеге кіретін есікті шүберектермен және жиһаздармен тығыздаңыз. Сіздің көмекке шақырған айғайыңыздың естілгеніне көз жеткен соң, түтін аз мөлшерде тараған еденге жатыңыз. Осы түрде жарты сағаттай шыдауға болады.

Барлық ұсынылған нұсқаулықтар «әр түрлі өрт оқиғаларына» берілді. Бірақ олар ең бастысын алмастыра алмайды – ең алдымен өртке қарсы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біліп, сақтау қажет.

Құрметті Сарқан ауданының тұрғындары ТЖБ қызметкерлері ескертеді! Тұрғын үй секторында өрт қауіпсіздік ережелерін сақтаңыздар. Қандай да бір төтенше жағдай орын алса «101» немесе «112» телефон нөміріне хабарласыңыздар.

МАРШ ПАРКОВ - 2022

Марш парков – всемирная международная природоохранная акция по оказанию поддержки особо охраняемым природным территориям. Акция началась 200 лет тому назад в США и в европейских странах, а в Казахстане проводится с 1996 года, традиционно с марта по июнь.

Цель Марша парков – привлечение внимания общественности и государственных органов к проблемам особо охраняемых природных территорий, а также воспитание экологической культуры.

Марш парков представляет возможность каждому человеку открыть для себя национальный парк/заповедник, как уникальную часть национального природного достояния и своими действиями внести личный вклад в их развитие. Самым важным результатом «Марш парков» стало, то, что изменилось отношение местного населения, посетителей, властей. С каждым годом расширяется состав участников, всех тех, кто трудится на благо родной природы.

Во время данной акции приняли активное участие школьники, студенты и местное население Аксуского, Сарканского и Алакольского районов.

В дни акции были проведены различные природоохранные мероприятия: «День земли», «День птиц», «Чистым рекам-чистые берега», конкурсы, экологические субботники и многое другое. Во время открытия природоохранной акции, совместно со школьниками и студентами города Саркан, было проведено озеленение парка «Койтас».

Комитет лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан по итогам республиканского конкурса международной природоохранной акции «Марш парков-2022», наградил «Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк» среди особо охраняемых природных территорий почетным I местом, за высокий уровень подготовки и проведения.

Выражаем всем неравнодушным к сохранению природы родного края и развития экологического просвещения, благодарность за активное участие в международной природоохранной акции «Марш парков-2022».

Е.ВИХРОВА,
«Жонгар-Алатауский ГНПП»
инженер по рекреации и туризму.

Бассыз елді Басынатын дұшпан көп

Қазанның 8-інде Талдықорған қаласындағы Тіл сарайында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әділбек Ыбырайымұлының «Семсер жүзіндегі серт» трилогиясының таныстырылымы өтті. Тұсаукесерді Қазақстан Жазушылар одағы Жетісу облыстық филиалының төрағасы Әміре Әрін жүргізіп, роман-трилогияның жетістіктерін сөз алған қаламгерлер жоғары бағалады. Сол тұсаукесерде оқылған өлеңді назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Жасып жігер, тапталды да намысым,
Бассыз қазақ серттен тайды жаны үшін.
Өттең – айлап бодан болды ел орысқа,
Оққа байлап берген кеше арысын.

Көндік, көрдік тағдырдың біз сынағын,
Қаншама рет шытынады шыдамым.
Ақтан азап, қорлық көріп қызылдан,
Үзе алмадық отаршылдық бұғауын.

Ішірткісі миймды улап жынды ғып,
Бөрі – мінез шынжырланды қылғынып.
Талпақ танау адал асты арамдап,
Бойымыздан қашты ұлттық құндылық.

Шайпаулықты шешендік деп ұғындық,
Ұраншылды ұлық тұтты дүйім жұрт.
Аяр пиғыл адастырып аяттан,
Аузы түкті көпірлерге жүгіндік.

Айғайшылды ақылманға баладық,
Бассыздықты батырлық деп санадық.
Өзімізбен өрге шығып өңмендеп,
Өзеурейді жан берісіп, жан алып.

Жалғандықтан жапа шеккен бір мен бе,
Өктем мінез жан – жағымда, іргемде.



Өз елімде өгей ұлдай күн кештім,
Соның бөрі рухсыздықтан білгенге.

Қабағымнан кірбің - бұлтты серпер кім,
Шамырқандым, намыстандым, өртендім.
Үш томдығын қолға алайық Әділдің,
Сертті ұғынып жүзіндегі семсердің.

Тұлғалар көп үлгі етерлік өңге елге,
Кіл жақсымды өзгелерден кем көрме.
Тарихымды таразылау зор міндет,
Заман бүгін оң қабағын бергенде

Жомарт ИГІМАН.

Сен туған күн, мерекеңмен!



Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің химия пәнінің мұғалімі **Боранғазова Айтжамал Зейнешқызын** қазан айындағы туған күнімен шын жүректен құттықтаймын! Машақаты мол мұғалімдік қызметті абыроймен атқарып, қыры мен сыры көп ұстаздық мамандықты ел игілігі жолына бағыттаған Айтжамал Зейнешқызы ұстамдылық ұлағатын, адамгершілік қасиеттерін паш еткен нағыз ұстаз. Ол кісінің ең үлкен ерекшелігі қарапайымдылығы, білімділігі дер едім. Ұзақ жылғы қажырлы еңбегінің арқасында оқушылары талай мәрте облыстық, Республикалық білім бөйгелерінде оза шауып, жүлделі орын иеленіп жүр. Мен оның әлі де талай білімнің шыңын өзіне бас идіріп, бағындыратынына мол сенімдімін! Бойыңыздағы бар жинап - терген біліміңізді оқушылардың санасына сапалы етіп сіңіре білдіңіз, шәкірттеріңіздің білімді, парасатты болып шығуын мақсат еттіңіз. Ол арманыңыз өзіңіздің ерен еңбегіңіздің арқасында орындалды.

Осынау туған күнің құт әкелсін, ұл-қыздарыңның, немереңнің қызығын көріп, отбасыңның құт-берекесі болып аман-есен жүре беруіңе тілектестік білдіремін. Өрдайым мерейің тасып, абыройың асқақтай берсін. Жаңуыңа амандық, деніңе саулық тілеймін!

Өзіңе деген зор құрметпен: Раушангүл Мадьярова, ардагер ұстаз.

БЕЗОПАСНАЯ РЫБАЛКА

Рыбалка-отличный вид отдыха, однако она очень опасна, если не соблюдать правила безопасности. Перед рыбалкой и охотой на маломерных судах или лодках, перед посадкой в лодку необходимо проследить наличие ее весел и крепкий к ним, а также спасательного круга и ковша для истощения воды. Посадку в лодку следует проводить с особой осторожностью. Нужно плавно сесть на скамейку, прижимая ее к центру. Категорически запрещается садиться на борт маломерных судов или лодок, перемещаться с места на место, садиться с одной лодки на другую, тряссти лодку, прыгать с нее в воду или нырять. Кроме того, людем, находящимся в лодке, необходимо носить индивидуальные спасательные средства (спасательные жилеты, жилеты). Простые правила безопасности, которые должны соблюдаться при рыбалке и охоте на маломерных судах и лодках:

1. при себе в обязательном порядке иметь медицинскую аптечку, подлокотник, карту местности, средства оповещения о своем местонахождении.
2. внимательно осмотреть место ловли рыбы или охоты.
3. категорически запрещается рыбачить или охотиться в состоянии алкогольного или наркотического опьянения.
4. проверить исправность лодки, оснастить ее спасательным жилетом, спасательным кругом и ремнями.
5. Наличие в лодке ведра или других емкостей, удобных для вывода воды из него
6. приспособление, необходимое для рыбалки или охоты, компактно расположите вдоль борта судна, а остальные изделия (одежда, наручники, чемодан) под сиденьем лодки, в носовой или кормовой части.

Уважаемые жители Сарканского района, сотрудники МЧС предупреждают! Соблюдайте правила техники безопасности на водоемах, реках и озерах. При возникновении какой-либо чрезвычайной ситуации звоните по номеру «101» или «112».

ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

Орталықтағы жақсы үй сатылады, ішінде ыстық, суық су, душ, дөретхана, Аристон бар. Жазғы ас үй (екінші үй) де бар. Гараж, монша салынған. Қос учаске – 14 сотық. Суаруы өте жақсы. Хабарласыңыздар Жамбыл көшесі №18 (полициядан 2 квартал жоғары), тел.2-13-54, ұялы. 8700 2786020.

Продам благоустроенный дом в центре, имеется горячая, холодная вода, душевая кабина, туалет, Аристон. Летняя кухня (второй дом). Гараж, баня, все хоз.постройки. Сдвоенный участок 14 соток. Полив отличный. Обращаться ул. Жамбыла №18 (2 квартала выше полиции), тел.2-13-54, сот. 8700 2786020.

Қабанбай батыр көшесі № 77 үйдегі (ескі кулинария) дүкен сатылады. Хабарласыңыздар: 8702 2902117.

Мерседес – спринтер 18 мест. Приму заказ в любом направлении. Той, кудалык и т.далее. Обращаться тел. 2-16-50, 8707 7542204, 8702 5692494.

18 орындық Мерседес – спринтер көлігімен барлық бағыттарға тапсырыс қабылдаймын. Той, құдалық және басқалар. Хабарласыңыздар тел. 2-16-50, 8707 754 22 04, 8702 569 24 94.

Бейсембеков Дархан Ракифовичтің атына тіркелген Сарқан қаласы, Д. Қонаев көшесі № 40 үйдің жерінің № 1567504 (кад.№ 03-267-006-1371) мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ХАБАРЛАНДЫРУ ОБЪЯВЛЕНИЕ

«Сарқан су құбыры» ШЖҚ МКК Сарқан ауданы бойынша сумен жабдықтау және су бұру тарифі ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы облысы бойынша департаментімен бекітілген.

№	Учаскенің атауы	Тариф 1м3 үшін	1м3 үшін Суды есептеу құралынсыз Тарифі
1	Сарқан, Алмалы, Қойлық	94,41	215,37
2	Қарабөгет, Шатырбай, Пограничник, Көкөзек, М. Төлебаев, Лепсі, Екіаша	147,14	335,66
3	Қарғалы, Көктерек, Шубартүбек, Көкжиде	187,12	401,25
4	Аққайың, Соколовка, Петропавлск, Черкасск, Абай	97,20	221,74
5	Бірлік, Тасқұдық, Қарауылтөбе	121,3	276,80
6	Бақалы, Аманбөктер	121,36	276,99
7	Сарқан (су бұру)	41,96	95,72
8	Еркін, Топюлевка	125,11	285,41

Сарқан, Алмалы, Қойлық-жер үсті су көзі, қалған су құбыры учаскелері. жер асты су көзі болып табылады. Көтергіш су көзі бар учаскелерде электр энергиясын тұтынудың үлкен шығындары бар. Шағын су құбыры учаскелерінде халық саны аз, бірақ сорғылар үздіксіз, толық қуатта жұмыс істейді. Барлық су құбыры учаскелерінде суды тұтыну шығындары мен көлемі әртүрлі, сондықтан тариф бірдей бола алмайды.

Су тарифтері арасындағы айырмашылықтың негізгі себебі су құбыры учаскесіндегі абоненттердің саны, су асты сорғыларының қуаты, сорғыларға қызмет көрсету бойынша электр энергиясының шығындары болып табылады.

Газеттің электронды нұсқасын <https://sarkan-gazeta.kz/> желілік басылымы сайтынан және



https://www.facebook.com/Сарқан_газеті,



<https://www.instagram.com/sarkangazeti/> әлеуметтік желілерінен оқи аласыздар.

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі



Құрылтайшысы:
Директор - бас редактор
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
lgiman01@mail.ru

Таралымы: 3048
Осы шығарылымның таралымы: 3048
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.